

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.03.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсьнова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсьнова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курьсжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4

Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Жеке тұлғаның ділдік лексиконы	7
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., САРЫБАЕВА Б.Ж., УАЙХАНОВА М.А.	Ұлттық құндылықтардың интернет-түсіндірмелердегі көрінісі: дәстүр мен жаңашылдық	16
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С., ЖАКИПОВА М.Н.	Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері	25
MURATBAIEVA I.S., ABDRAKHMANOVA ZH.A.	Colorative vocabulary as a term-forming component in the composition of metaphorized terms (using the example of the adjective «golden»)	35
САДЕНОВА А.Е., АЙТБАЕВА Б.М., КАРЫБАЕВА С.Е.	Тіл меңгертудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы	44
ШАЛШЫКБАЕВА Г.О., ДҮЙСЕКОВА К.К., БАКТИЯРОВА Р.М.	Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері	54

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДИКАРИМ Н., АСҚАРОВА А.Ш., ҮМБЕТБЕКОВА К.М.	Абай өлеңдерінің поэтикалық ішкорпусын құрудың маңыздылығы	64
ABDYKHANOVA G.T., ABDYKADYROVA T.R., AGABEKOVA ZH.A.	M.KH. Dulaty and the people of art	73
АБИШЕВА Ш., КЕНБАЕВА А.З., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	Топонимдік аңыздар ертегілік емес прозаның ерекше жанры ретінде (түркі халықтарының топонимдік аңыздары мысалында)	89
АЙТУГАНОВА С.Ш., САРСЕМБАЕВА С.А.	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі симулякрдың көркемдік қызметі (Д. Жылқыбайдың әңгімелері негізінде)	100
ӘБДІҒАППАРОВА Ж.Ж.	Отарлық кезеңдегі діни ахуал және Шайыр Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» дастаны	110
ҚАЙЫРБЕКОВА А.Қ., ТАКИРОВ С.У., ТОЛЕУБАЕВА К.А.	М. Мағауин прозасының танатопоэтикасы	121

ҚОҢДЫБАЙ М.М., ӘБДИМАНҰЛЫ Ө., ТИРАДО Р.Г.	Әнші-ақындар шығармашылығындағы сипатының көркемдік ерекшелігі	сұлулық	132
САУРЫҚОВ Е.Б., ТАМАБАЕВА Қ., ЕЛУБАЕВА Р.	Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайберді діни тұжырымдарындағы ортақ сарындар		142
СЕЙІТМАН С.М.	Абай елі мен алаш қаласының рухани сабақтастығы және қазақ поэзиясындағы бейнесі		155
ТҰЯҚБАЙ Т., ТҰЯҚБАЕВА Р.	Абай мен Гёте: данышпандар диахрониясы		165

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ –
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АУҒАНБАЕВА М.С., МАМАЕВА Г.Б.	Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері		175
ТАУБАҒЕВ З.Т., SULTAN Y., DAUTOVA G.R.	The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication		185

*Қ.С. ЕРҒАЛИЕВ¹



Б.Ж. САРЫБАЕВА²



М.А. УАЙХАНОВА³



Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар, Қазақстан^{1,2}

Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан³

(e-mail: ergaliev1976@mail.ru¹, bayanjan73@mail.ru², mira.p2011@mail.ru³)

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ИНТЕРНЕТ-ТҮСІНДІРМЕЛЕРДЕГІ КӨРІНІСІ: ДӘСТҮР МЕН ЖАҒАШЫЛДЫҚ

Аңдатпа. Дәстүрлі мәдени құндылықтар мен заманауи технологиялардың қарқынды дамуының түйіскен тұсында халықтың тарихи-мәдени құндылықтарын бейнелейтін және тілдік санасында қалыптасатын лингвомәдени бірліктерді зерделеу қазіргі уақытта маңызды мәселе болып отыр. Бұл бірліктер халықтың дүниетанымын көрсетумен қатар, ұлттық бірегейлікті сақтап, мәдени дәстүрді жаңғыртуға үлес қосады. Лингвомәдени бірліктер ұлттық тіл мен мәдениеттің өзара байланысын айқындап, қоғамның мәдени және рухани өміріне зор ықпал етеді. Мақалада бүгінгі қазақстандық интернет-пайдаланушылардың түсіндірмелерінде ұшырасатын аталған лексемалар зерттеу нысанына алынып, жан-жақты қарастырылады. Ол сипаттау, баяндау, лингвомәдени тұрғыдан талдау әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асырылады. Нәтижесінде лингвомәдени компоненттерді қамтитын мысалдар семантикалық ерекшеліктеріне қарай мифологиялық, фразеологиялық, паремиологиялық, поэтикалық, тілек, бата түріндегі бірліктер мен діни және ұлттық-спецификалық сөздер (реалийлер) сынды параметрлерге жіктеледі. Бұл бірліктер қазақ лингвомәдениетінің құндылық бейнесін модельдейтін коммуниканттардың ұлттық санасын көрсетуге, қазақ халқының әлемдік бейнесін қайта жаңғыртуға ықпал етеді.

Кілт сөздер: ұлттық құндылық, интернет-түсіндірме, тілдік бірліктер, лингвомәдени компоненттер, әлемнің тілдік бейнесі.

Кіріспе. Тіл – халықтың мәдениеті мен санасының көрінісі, оның дүниетанымы туралы тұтас түсінік беретін құрал [1, 370]. Тіл – мәдениетті игерудің басты құралы, өйткені ол тек коммуникативтік қана емес, сонымен қатар кумулятивтік қызметті де атқарады. Сонымен қатар тіл тұжырымдамаларды қалыптастыру мен жүзеге асырудың негізгі әдісі [2], вербалды түрдегі мәдениеттің кілтті сөздері болып табылады [3, 162]. Тілдің бұл қызметі қоғамдық сана мен жеке тұлғаның мәдениеті арасындағы байланысты қамтамасыз етіп, этностың тарихи тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу үшін маңызды рөл атқарады. Әрбір тілде қалыптасқан сөздер мен тіркестер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер халықтың дүниетанымын, құндылықтарын, моральдық және этикалық нормаларын көрсетеді. Тіл мәдениеттің маңызды элементі ретінде әлеуметтік құрылымдардың, дәстүрдің және ұлттың тарихи жадысы сақталуын қамтамасыз етеді.

Кез келген материалды аксиологиялық тұрғыдан талдау маңызды болып табылады. Себебі құндылық мәдениет концентраты саналады. Белгілі бір халықтың аксиологиялық бейнесін қарастыруда мәдениет өкілдерінің ұлттық санасының ерекшеліктері

айқындалады. Халық дүниетанымындағы өзгешеліктер, негізінен, қандай да бір құндылықтың жоқтығынан немесе бар болуынан емес, олардың иерархиясынан көрінеді [4, 38]. Тілдің лингвоаксиология саласы құндылықты үш түрлі әдіспен зерттейді. Олардың бірі – лингвомәдени концептілердің сипаттамасы. Аталған лексемаларды зерттеу тіл, сана мен мәдениетті өзара байланыста, бірлікте қарастыруға жол ашады [4, 75].

Тіл мен мәдениет бір-бірімен өте тығыз байланысты, сондықтан сөзжасамнан бастап мәтінге (дискурса, байланыс актілеріне, әлемнің құндылық бейнесіне) дейінгі тілдік бірліктер лингвомәдениеттану нысаны бола алады. В.В. Наумовтың пікірінше, ойлау мен психика, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері ұлттық тіл құрылымында, сондай-ақ оның тасымалдаушыларының сөзінде және мінез-құлқында айқын байқалады [5, 73]. Демек, тіл мен мәдениет сияқты тіл мен сана, тіл мен сөйлеу де – бір-бірімен байланысты ұғымдар.

Г.М. Әлімжановатілменсөйлеудіңлингвомәденибірліктерін– лингвокультуремаларды (тілдің (тілдік мағынаның) ғана емес, сонымен қатар тиісті белгімен ұсынылған мәдениеттің (тілден тыс мәдени мағынаның) сегменттерін қамтиды, яғни ол лингвистикалық және экстралингвистикалық мән-мағынаны да бойына жинақтайды) салыстырмалы аспектіде зерттей отырып, олардың келесі түрлерін ажыратады:

1) ұлттық болмыстың материалдық-фактологиялық бөлігін көрсететін лингвокультуремалар (ұлттық-спецификалық реалий сөздер, туыстық атаулар, антропонимдер, топонимдер, фразеологизмдер; түсті белгілейтін компоненттерді, киелі сандарды, ым-ишара семантикасын бойына жинақтаған соматикалық, анималистикалық, этнографиялық паремиялар; метафоралар, контекстік салыстырулар және т.б.);

2) ұлттық менталитетті көрсететін аксиологиялық сипаттағы лингвокультуремалар;

3) тілдік, мінез-құлықтық лингвокультуремалар (ритуалданған коммуникативтік жағдайлардағы сөйлеу әрекеттері, күнделікті қарым-қатынастағы сөйлеу мінез-құлқы, қарым-қатынастың вербалды және бейвербалды компоненттерінің ұлттық-мәдени шартты қатынастары, коммуникативтік тактикалар және т.б.).

Ғалым зерттеу барысында қазақ менталитетіне тән ұлттық ерекшеліктерді анықтап, оларды жіктеп көрсетеді:

- шығыс мәдениетіне тән концептілер: отбасы, ұрпақ, қонақжайлылық, ұзақ өмір, тату-тәтті өмір, өзара сыйластық, өзара түсіністік, төзімділік, қарапайымдылық, ата-аналарға ризашылық, ата-аналарға қамқорлық, ұрпақ тәрбиелеу;

- қазақ тілінде жасы үлкен адамға «аға», өзімен жасы бірдейге «құрдас», ал кішіге «іні» деп аталатын сөздердің прагматикалық пресуппозициясы басты ажыратушы күшке ие.;

- қазақта қарым-қатынастың кез келген түрі туыстық, жылы қатысымға негізделумен ерекшеленеді. Осыған орай қазақ тілінде бейтаныс адамдарға да вокатив қызметіндегі туыстық лингвомәдени аталымдар қолданылады [6, 22].

Д.К. Кшибековтің пайымдауынша, қиял, ертегілер, мақал-мәтелдер, мифология және даналық сөздер – бәрі де рухани мәдениетпен байланысты [7, 73]. Ғалым көшпелілердің (малшылардың) қиялы жақсы дамығанын, олар тапқыр, ойлау қабілеті жоғары болғанын, сөздерге, музыкаға, белгілерге және т.б. ден қойып, естігендерін ұмытпау үшін есте сақтау қабілеттерін шыңдап отыратынын айтады.

Мәтіндердің осы түрінің ішінде соңғы жылдары лингвистер тарапынан белсенді зерттеліп жүргендерге интернет-түсіндірмелерді жатқызуға болады. Мысалы, саяси мәтіндерге білдірілген интернет-түсіндірмелердегі виртуалды тілдік тұлғаны қарастыруға арналған М.В. Бецтің диссертациясында түсіндірмелерде бастапқы мәтіннің құндылық әлеуеті мен виртуалды тілдік тұлғаның аксиологиялық көзқарастарының байланысы зерттеледі [8, 6]. Оның айтуынша, жаңа интернет-технологиялар коммуникативтік процестерге түрлі мәдениет өкілдерінің қатысуына мүмкіндік туғызды. Бұл өзге тілді игеруге түрткі болғаны анық. Сондықтан билингвалды тілдік тұлғаның феноменін зерттеу өзекті болып табылады [8, 356].

И.В. Савельева да осы бағытта зерттеу жүргізіп жүргені белгілі. Ол мәтінді қабылдаудың вариативті стратегиялары (біртұтас және қарапайым) мен тактикаларын

және саяси интернет-түсіндірмелердегі виртуалды тілдік тұлғаның мәтін сөзжасамын қарастырады. Ол стратегиялар мәтіндік қызметтің сипатына белсенді ықпал ететін ішкі менталды үдерістермен айқындалатынын пайымдайды [9, 178]. Зерттеуші интернет-түсіндірме мәтіндеріндегі біртұтас және қарапайым стратегияларды байланыстыра отырып, виртуалды тілдік тұлғаның нақтылаушы, талдаушы, жинақтаушы сынды түрлерін (мәтін бейнесін) сипаттайды. Саяси лингвистика мен саяси лингвотұлғатану бағытындағы зерттеулерінде ол саяси оқиғалардың (интернет-түсіндірмелердің) интернет-талқылаудағы дискурстық өрісін бейкәсіби, қарапайым саяси дискурс ретінде қарастырады [9].

Байқағанымыздай, тілшілер тілдік тұлға лингвомәдениеттануды зерттеудің басты объектісі болып табылатынын айтады, себебі ол ақпаратты тасымалдаушы, ұлттық мұраны сақтаушы қызметті атқарады. Лингвомәдениеттану үшін, ең алдымен, тілдік тұлғаның қызметі қызықты, ол арқылы оның ұлттық мәдениетке қатыстылығы анықталады. Тілдік тұлға тілдік сана (ұжымдық және жеке) мен сөйлеу қызметі (мәтінді қабылдау және мәтін сөзжасамы) арасындағы байланыс болып есептеледі және белгілі бір халықтың тілдік табиғатын, тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын ашады. Әр адам – тек ана тілінің ғана емес, сонымен қатар оның мәдениетінің де тасымалдаушысы. Сондықтан ол ұлттық тілдік тұлға болып табылады.

Тілдік тұлғаны зерттеудің мәтінге негізделген тәсілі оның сөйлеу әрекетінің өніміне формальды, мазмұнды және функционалды тұрғыдан қарастырылған туынды мәтіндерге дериватологиялық талдауды қолдануды ұсынады. Кез келген мәтін ақпаратты тасымалдаушы қызмет атқарады, сол себепті зерттеуде туынды мәтіндер арқылы мәтіннің сөзжасамдық қызметін жүзеге асырудағы өзгерістер анықталады [10, 14; 11; 12].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу барысында қазақстандық интернет-түсіндірме мәтіндерінен халықтың тарихи-мәдени құндылықтарын бейнелейтін және оның тілдік санасында қалыптасатын 300 лингвомәдени бірлік, яғни лакунизацияланған лексемалар (реалий, фразеологизм, паремия, діни лексика және т.б.) іріктеліп алынды. Олар семантикалық ерекшеліктеріне қарай мифологиялық, фразеологиялық, паремиологиялық, поэтикалық, тілек, бата түріндегі бірліктер мен діни және ұлттық-спецификалық сөздер (реалийлер) сынды параметрлерге жіктелді. Виртуалды кеңістіктегі аталған лингвомәдени бірліктер сипаттау, баяндау, лингвомәдени тұрғыдан талдау әдіс-тәсілдері арқылы зерделенді. Ол қазақ лингвомәдениетінің құндылық бейнесін модельдейтін коммуниканттардың ұлттық санасын көрсетуге, қазақ халқының әлемдік бейнесін қайта жаңғыртуға ықпал етті.

Талқылау мен бақылау. Интернет-түсіндірмелер қоғамның құндылық қатынастарын көрсететін маңызды мәдени компоненттердің алуан түрін қамтиды. Жұмыста олар семантикалық ерекшеліктеріне қарай мифологиялық, фразеологиялық, паремиологиялық, поэтикалық, тілек, бата түріндегі бірліктер мен діни және ұлттық-спецификалық сөздер (реалийлер) секілді параметрлер бойынша топтастырылды. Олай болса қазақстандық интернет-түсіндірмелерде кездесетін осы лексемаларды тереңірек талдалық.

1. Ұлттық-спецификалық бірліктер

Samuel_Langhorne_Clemens

Ты поучи свою жену баурсаки жарить, технарх хренов! Фантастики начитался поди про ядерные ракетные двигатели (Сен әйеліңді бауырсақ пісіруге үйрет, ақымақ технарх! Ядролық зымыран қозғалтқыштары туралы фантастика оқып алғасың ба – аударма біздікі). Бұл түсіндірме «ҰҚК ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс ережелерін жариялады» [11] деген мақалаға қалдырылған. Мақалада ұлттық қауіпсіздік комитеті Ашық НҚА порталында ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу ережелерінің жобасын жасап, оны ашық талқылауға шығарды. Ұлттық бейнемониторинг жүйесі – ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында бейнемазмұнды жинау, өңдеу және сақтау міндеттерін атқаратын бағдарламалық және техникалық құралдардың кешені болып табылатын ақпараттық жүйе мәселесі қарастырылған.

Samuel_Langhorne_Clemens есімді түсіндірмеші өзінің сұхбаттасушысына жүгініп, оны сөгеді және мақалада тапсырыс берілген техникаға қатысты ақылсынбауды өтінеді. Бұл мысал алдыңғы түсіндірмеге жауап ретінде жазылған. *Сен әйеліңді бауырсақ пісіруге үйрет* деген түсіндірмеде қазақ халқының ұлттық тағамын білдіретін *бауырсақ* сынды маркерленген лингвомәдени лексема пайдаланылады. Қазақ дастарқанын бауырсақсыз елестету мүмкін емес: кез келген іс-шара осы ұннан жасалған ұлттық тағамды дайындаудан басталады. Әлбетте, *бауырсақ* интернет-түсіндірменің мәтін сөзжасамындағы құндылық белгісі болып табылады.

2. Тілек және бата түріндегі бірліктер

Аноним

«Бари жақсы болғай!! Елимиз аман, журтымыз тыныш болғай!! Аумин» [12].

Аноним лақап атты комментатордың мәтіні тілек, өсиет түрінде құрылған. Бұл туынды мәтінде қазақ халқының мәтін сөзжасамының ұлттық ерекшелігі көрсетілген: Сөздің мәнін түсінбеген адам, өз мәнін де түсінбейді, деп түсінген қазақ халқы дұрыс айтылған, даналыққа толы сөздерді құрмет тұтады. Ол кез келген бастаманы жақсы және ізгі тілектермен бастауға тырысады.

3. Паремнологиялық бірліктер

Мұхтар

Мәә, солай ма! Алма алма ағашынан алысқа ұзамайды деген осы да! Бәрі белгілі болды, Нақпаевтың жер астынан шыққан жік сияқты неғып Нұр Отаннан Парламентке депутат болып бара жатыр десем. Оны акиматтан қуып шыққан жоқ па еді. Көкесі Байбек екен ғой [13]. Интернет-түсіндірме мәтініндегі ұлттық ерекшелікті сипаттайтын элемент – **«Алма алма ағашынан алысқа ұзамайды»** [13] деген мақал. Ол көптеген халықтарға тән және жақсы тәрбиеленген ата-анадан жақсы ұрпақ дүниеге келеді, өседі деген мағынаны білдіреді. Атадан көрген ұл көкпаршы, анадан көрген қыз өрімші болады, мақал ұрпақтар арасындағы тәлім-тәрбиенің маңызды екенін байқатады. Мұндай ұстаным халықтың тәрбиелік құндылықтарын, ата-баба жолын жалғастыру қажеттілігін көрсетеді.

4 Фразеологиялық бірліктер

Гость

Мүгалімдерге енді врачтар қосылды. Күн көре алмай жүрсіңдер ме? Өз **қара бастарыңды** ойлап, **Ұрпақтарыңның тамырына балта шауып** жатырсыңдар. және оны жақсы біліп отырсыңдар. сонда сендердің *аттарың кім болады?* [14]. Көріп отырғанымыздай, комментатор бақылаушылар үшін әзірленген тест және жоғалған мандаттар туралы мақалаға берілген түсіндірмеде көпшіліктің назарын ассоциациялаған нысанға аудару үшін *күн көру* (өмір сүру деген мағына білдіреді), *қара бастарыңды* (өздеріңнің жеке мүдделеріңді), *тамырына балта шапты* (өмірде үлкен бір қателік істеу) сынды фразеологиялық бірліктерді қолданады. Комментатор сөзінің мазмұнды бөлігі ұлттық-спецификалық бірліктер – тұрақты тіркестермен белгіленген. Олар мазмұнды құндылықтармен қанықтырылады, осылайша белгілі бір эмоцияларды қалыптастырады, сезімдерді әрлендіреді, ал бұл адамдарды белгілі бір әрекеттерге итермелейді.

5. Мифологиялық бірліктер

Айсауле

Развите Казахстана напоминает мне «Ертостик») За 27 лет добились очень многого, у нас правильное направление, и быстрые шаги! (Қазақстанның дамуы маған «Ер Төстік» ертегісін еске түсіреді) 27 жылда біз көп жетістікке қол жеткіздік және дұрыс бағытта жылдам қадам жасап келеміз! – аударма біздікі). Интернет-түсіндірменің алғашқы бөлігіне назар аударатын болсақ, онда автор түпнұсқа мәтінде сипатталған оқиғалардың нәтижесін Ер Төстік халық ертегісіндегі басты кейіпкердің жетістіктерімен байланыстыратынын көреміз. Түсіндірмеде ертегі кейіпкерінің есімін қолдану кездейсоқ емес: қазіргі оқиғаны бағалау автордың мәдени және ұлттық түсініктерін ескере отырып беріледі.

Түсіндірме авторы халық ертегісі арқылы ел тәуелсіздіктің қысқа мерзімінде онда тұратын адамдар мен олардың бойында ертегі батырларына тән күштің арқасында

айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізгендігін жеткізеді. Сонымен қатар түсіндірмеде ұлттық-мәдени мұраның бір бөлігі болып табылатын халық ертегісі арқылы елдің дамуына баға беріледі. Тәуелсіздік кезеңінде біздің экономикамыз 25 есе өскені жайлы құрылым бастапқы мәтіннің мазмұны бұрмаланбай, тек сыртқы түрі өзгергенін аңғартып қоймайды, сондай-ақ мәтіннің сөзжасамдық әлеуетінің іске асырылғандығын көрсетеді. Өзгеріс сыртқы құрылымдар деңгейінде жүреді және модификациялық сипатта болады.

6. Діни бірліктер

Аноним

Шүкір елімізде қаншама өзге ұлт өкілдері өмір сүрсе де бірлігіміз жарасып жүр. Соның бір дәлелін мына суреттен де аңғаруға болады. Алла осы күнімізден айырмасын [15]. Түсіндірмеде автор Мемлекет басшысының Алматы облысына жасаған іссапарын баяндап, оқиғаға байланысты Құдайға жүгінеді. Бұл жағдайда түсіндірмеші бастапқы мәтін авторының пікірімен келіседі. Ол бастапқы мәтіннің мазмұнын сақтайды, дегенмен оның формальды-мазмұндық компоненттерін қайталамайды. Туынды мәтін мәтіндік стратегия мазмұнының көшірме тактикасы арқылы жасалады. Қазақ комментаторларының мәтін сөзжасамына Құдайдың есімін қолдану, мәтіндерді жасау барысында Алла Тағалаға деген сенім көрсету сияқты ортақ қасиет тән; бұл қазақ халқының өзіндік ұлттық ерекшелігі болса керек.

7. Поэтикалық бірліктер

Местный Гость

Айналайын, арда ұлым! Бергей балам! Жарадың! Қараңғы қазақ төріне, Өрмелеп шығып күн болдың. Сәттілік тілейміз, біз қолдаймыз! [16] Байқағанымыздай, интернет-түсіндірменің авторы өзінің көңіл күйін қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың поэзиясынан алынған жолдар арқылы жеткізеді.

Қараңғы қазақ көгіне,

Өрмелеп шығып, күн болам!

Қараңғылықтың көгіне,

Күн болмағанда, кім болам? [17].

Ол «Шәкірт ойы» [17] өлеңінің алғашқы жолдарын өзгеріссіз келтіреді. **Местный Гость** лақап есімді комментатор осы өлең жолдарын қолдану арқылы Атырау облысының экс-әкімі беделін көтеруге тырысады, өйткені өлеңнің мазмұнында оны қазақ халқына көмек қолын беретін күнмен байланыстырады. Ол қазақ лингвомәдениетінің құндылық символы болып табылатын прецеденттік тұлғаның сөздерін пайдаланады. Өйткені Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ тарихында, әдебиетінде және санасында маңызды орын алады.

Нәтижелер. Лингвомәдени компоненттері бар интернет-түсіндірмелер мәтін сөзжасамының қандай жолымен өнімді жасалғандығын сандық есептеуден аңғаруға болады. 1-кестеде лингвомәдени бірліктер қолданылу жиілігі бойынша орналастырылған. Ұлттық-спецификалық бірліктер (реалийлер) ең жоғары көрсеткішке ие, өйткені ұлттық бірегейлікті көрсететін тұрмыстық заттар коммуниканттар тілінде өнімді қолданылады. Параметрлер ішінде поэтикалық бірліктер ең төмен көрсеткішті көрсетті, себебі коммуниканттардың барлығы бірдей өз ойын білдіруде поэтикалық бірліктерді пайдаланбайды. Лингвомәдени компоненттері бар интернет-түсіндірмелер төменде берілген бірінші кестеде айқын көрсетілген.

1-кесте – Лингвомәдени компоненттері бар интернет-түсіндірмелер

Лингвомәдени компоненттер	Түсіндірмелердің жалпы саны	Пайыздық мөлшері (%)
Ұлттық-спецификалық бірліктер (реалийлер)	68	22,7 %
Бата мен тілек түріндегі бірліктер	60	20 %
Паремиологиялық бірліктер	51	17 %
Фразеологиялық бірліктер	38	12,6 %
Мифологиялық бірліктер	35	11,7 %
Діни бірліктер	26	8,7 %
Поэтикалық бірліктер	22	7,3 %
Барлығы	300	100 %

Қорытынды. Дәстүрлі мәдени құндылықтар мен заманауи технологиялардың қарқынды дамуының түйіскен тұсында халықтың тарихи-мәдени құндылықтарын бейнелейтін және тілдік санасында қалыптасатын лингвомәдени бірліктерді зерделеу қазіргі уақытта маңызды мәселе болып отыр. Бұл бірліктер халықтың дүниетанымын көрсетумен қатар, ұлттық бірегейлікті сақтап, мәдени дәстүрді жаңғыртуға үлес қосады. Лингвомәдени бірліктер ұлттық тіл мен мәдениеттің өзара байланысын айқындап, қоғамның мәдени және рухани өміріне зор ықпал етеді.

Интернет-түсіндірме мәтіндерін лингвомәдениеттанымдық және лингвоперсоналогиялық тұрғыдан талдау нәтижелері лингвомәдени компоненттері бар тілдік деректерді семантикалық ерекшеліктеріне қарай жіктеуге мүмкіндік берді. Бұл компоненттер мифологиялық, фразеологиялық, паремиологиялық, поэтикалық, тілек, бата түріндегі бірліктер, сондай-ақ діни және ұлттық-спецификалық сөздер (реалийлер) ретінде қарастырылды. Мұндай жіктеу тілдік деректердің терең мағынасы мен мәдени контекстін ашуға, оларды ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

Лингвомәдени компоненттердің бұл бірліктері қазақ лингвомәдениетінің құндылық бейнесін модельдейді, коммуниканттардың ұлттық санасын көрсетеді, қазақ халқының әлемдік бейнесін қайта жаңғыртуға ықпал етеді. Өйткені олар тек тілдік емес, сондай-ақ ұлттық мәдениет пен дүниетанымның да айнасы болып табылады. Осылайша, интернет-түсіндірмелерде кездесетін лингвомәдени бірліктер халықтың рухани құндылықтары мен ұлттық ерекшеліктерін сақтауға, жаңғыртуға және таратуға қызмет етеді. Бұл зерттеу ұлттық мәдениеттің қазіргі заманғы ақпараттық кеңістікте қалай бейнеленетінін түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию: пер с нем. / В. фон Гумбольдт / общ. ред. Г. В. Рамишвили. – М.: ОАО ИГ Прогресс, 2000. – 400 с.
2. Самситова Л. Х. Культурный концепт как лингвокультурный феномен // Вестник Башкирского университета. №3. –1. – 2011. – С. 1045–1048.
3. Минский М. Фреймы для представления знаний. – М.: Наука, 1979. – 154 с.
4. Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс / В. И. Карасик. – М.: Гнозис, 2004. – 390 с.
5. Наумов В.В. Лингвистическая идентификация личности. Изд. 2-ое, стереотипное. – М.: КомКнига, 2007. – С. 154–240.
6. Алимжанова Г.М. Сопоставительная лингвокультурология: сущность, принципы, единицы: автореф. дис. ... д-ра филол. наук. – Алматы: 2010. – 46 с.

7. Кшибеков Д. К. Истоки ментальности казахов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 204 с.
8. Бец М. В. Аксиологическая соотнесенность текста информации-онно-аналитической статьи и комментария в виртуальном пространстве Рунета: дис. ... канд. филол. наук. – Кемерово: Кемеровский гос. ун-т, 2013. – 189 с.
9. Савельева И.В. Вариативность стратегий текстовосприятия и текстопорождения: лингвоперсонологический аспект (на материале текстов политических интернет-комментариев): дис. ... канд. филол. наук. – Кемерово, 2013. – 251 с.
10. Мельник Н. В. Деривация русского текста: лингвистические и персо-нологические аспекты: монография / Н. В. Мельник. – М.: Ленанд, 2014. – 280 с.
11. Ергалиева С. Ж., Асанбаева Е. Б., Сахариева А. Ж. Текст политического интернет-комментария как объект виртуальной культуры: лингвоаксиологический анализ // Вестник Карагандинского университета. № 1. – Караганда, 2022. – С. 62–68. DOI: <https://doi.org/10.31489/2022ph1/62-68>
12. Yergaliyev K.S., Sarybayeva B.Zh., Melnik N.V., Uaikhanova M.A., Assanbayeva E.B. Exploring the New Role of Mythologems in Shaping National Identity and Digital Discourse in Kazakhstani Communications // International Journal of Society, Culture & Language, 2024. – 12 (3). – P. 224–240. DOI:10.22034/ijsc.2024.2043142.3740
13. Садешов А. КНБ обнаружил правила работы национальной системы видеомониторинга. URL: <https://www.nur.kz/politics/kazakhstan/1867421-knb-obnarodoval-pravila-raboty-nacionalnoj-sistemy-videomonitoringa/>
14. Хайруллина Н. Тест для наблюдателей и пропавшие мандаты. URL: <https://azh.kz/ru/news/view/73518>
15. Хайруллина Н. Байбек и ПЦР-тест. URL: <https://azh.kz/ru/news/view/73205>
16. Майтанов А. Зачем в Атырау приезжал помощник президента? URL: <https://azh.kz/ru/news/view/72684>
17. Бергей Рыскалиев и Макс Бокаев попали в отчёт госдепа США. URL: <https://azh.kz/ru/news/view/75559>
18. Экс-аким Атырау Алимухаммед Куттумуратулы стал замом Ногаева. URL: <https://azh.kz/ru/news/view/80718>
19. Торайғыров С. Шәкірт ойы. URL: <https://bilim-all.kz/olen/919-SHakirt-oiy>

К.С. ЕРГАЛИЕВ, Б.Ж. САРЫБАЕВА, М.А. УАЙХАНОВА

НАО Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана, Павлодар, Казахстан
НАО Торайғыров университет, Павлодар, Казахстан

**ОТРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ
В ИНТЕРНЕТ-КОММЕНТАРИЯХ: ТРАДИЦИИ И НОВАТОРСТВО**

На стыке традиционных культурных ценностей и стремительного развития современных технологий в настоящее время важной задачей является изучение лингвокультурных единиц, которые отражают историко-культурные ценности народа и формируются в его языковом сознании. Эти единицы не только показывают мировоззрение народа, но и способствуют сохранению национальной идентичности и возрождению культурных традиций. Лингвокультурные единицы определяют взаимосвязь национального языка и культуры, оказывая значительное влияние на культурную и духовную жизнь общества. В статье рассматриваются лексемы, встречающиеся в комментариях современных казахстанских интернет-пользователей, которые становятся объектом исследования и анализируются с разных сторон. Анализ проводится с использованием методов описания, повествования и лингвокультурного анализа. В результате лексемы, содержащие лингвокультурные компоненты, классифицируются по семантическим особенностям в такие параметры, как мифологические, фразеологические, паремиологические, поэтические единицы, а также выражения в форме пожеланий, бата (благословений), религиозные и национально-специфические слова (реалии). Данные единицы способствуют отражению национального сознания коммуникантов,

моделированию ценностного образа казахской лингвокультуры, реконструкции образа мира казахского народа.

Ключевые слова: национальные ценности, интернет-комментарий, языковые единицы, лингвокультурные компоненты, языковая картина мира.

K.S. YERGALIYEV, B.ZH. SARYBAYEVA, M.A. UAIKHANOVA

Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan
Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan

REFLECTION OF NATIONAL VALUES IN INTERNET COMMENTS: TRADITIONS AND INNOVATION

Annotation. At the intersection of traditional cultural values and the rapid development of modern technologies, an important task at present is the study of linguocultural units that reflect the historical and cultural values of the people and are formed in their linguistic consciousness. These units not only reflect the worldview of the people but also contribute to the preservation of national identity and the revival of cultural traditions. Linguocultural units determine the relationship between the national language and culture, exerting a significant influence on the cultural and spiritual life of society. The article examines lexemes found in the comments of modern Kazakhstani internet users, which become the object of research and are analyzed from various perspectives. The analysis is carried out using the methods of description, narration and linguocultural analysis. As a result, lexemes containing linguocultural components are classified by semantic features into such parameters as mythological, phraseological, paremiological, poetic units, as well as expressions in the form of wishes, bata (blessings), religious and nationally specific words (realia). These units contribute to reflecting the national consciousness of communicants, modeling the value image of Kazakh linguistic culture, and reconstructing the world image of the Kazakh people.

Keywords: national values, Internet commentary, language units, linguacultural components, linguistic picture of the world.

References

1. Gumbol'dt V. Fon. Izbrannye trudy po jazykoznaniju: per s nem. / V. fon Gumbol'dt / obshh. red. G. V. Ramishvili. – M.: OAO IG Progress, 2000. – 400 s.
2. Samsitova L. H. Kul'turnyj koncept kak lingvokul'turnyj fenomen // Vestnik Bashkirskogo universiteta. – №3–1. – 2011. – S. 1045–1048.
3. Minskij M. Frejmy dlja predstavlenija znaniy. – M.: Nauka, 1979. – 154 s.
4. Karasik V. I. Jazykovej krug: lichnost', koncepty, diskurs / V. I. Karasik. – M.: Gnozis, 2004. – 390 s.
5. Naumov V. V. Lingvisticheskaja identifikacija lichnosti. Izd. 2-oe, stereotipnoe. – M.: KomKniga, 2007. – S. 154–240.
6. Alimzhanova G. M. Sopostavitel'naja lingvokul'turologija: sushhnost', principy, edinicy: avtoref. dis. ... d-ra filol. nauk. – Almaty, 2010. – 46 s.
7. Kshibekov D. K. Istoki mental'nosti kazahov. – Almaty: Dajk-Press, 2006. – 204 s.
8. Bec M. V. Aksiologicheskaja sootnesennost' teksta informaci-onno-analiticheskoy stat'i i kommentarija v virtual'nom prostran-stve Runeta : dis. ... kand. filol. nauk. – Kemerovo: Kemerovskij gos. un-t, 2013. – 189 s.
9. Savel'eva I. V. Variativnost' strategij tekstovosprijatija i tekstoporozhdenija: lingvopersonologicheskij aspekt (na materiale tekstov politicheskikh internet-kommentarijev): dis. ... kand. filol. nauk. – Kemerovo, 2013. – 251 s.
10. Mel'nik N. V. Derivacija russkogo teksta: Lingvisticheskie i perso-nologicheskie aspekty: monografija / N. V. Mel'nik. – M.: Lenand, 2014. – 280 s.

11. Yergaliyeva S. Zh., Asanbaeva E. B., Sahariev A. Zh. Tekst politicheskogo internet-kommentariya kak ob'ekt virtual'noj kul'tury: lingvoaksiologicheskij analiz // Vestnik Karagandinskogo universiteta. № 1. – Karaganda, 2022. – S. 62–68 URL: <https://doi.org/10.31489/2022ph1/62-68>
12. Yergaliyev K. S., Sarybayeva B. Zh., Melnik N. V., Uaikhanova M. A., Assanbayeva E. B. Exploring the New Role of Mythologems in Shaping National Identity and Digital Discourse in Kazakhstani Communications // International Journal of Society, Culture & Language, 2024. – 12 (3). – P. 224–240. DOI: 10.22034/ijsc.2024.2043142.3740
13. Sadeshov A. KNB obnarodoval pravila raboty nacional'noj sistemy vi-deomonitoringa. URL: <https://www.nur.kz/politics/kazakhstan/1867421- knb-obnarodoval-pravila-raboty-nacionalnoj-sistemy-videomonitoringa/>
14. Hajrullina N. Test dlja nabljudatelej i propavshie mandaty. URL: <https://azh.kz/ru/news/view/73518>
15. Hajrullina N. Bajbek i PCR-test. URL: <https://azh.kz/ru/news/view/73205>
16. Majtanov A. Zachem v Atyrau priezzhal pomoshhnik prezidenta? AqJaiyq URL: <https://azh.kz/ru/news/view/72684>
17. Bergej Ryskaliev i Maks Bokaev popali v otchjot gosdepa SShA. URL: <https://azh.kz/ru/news/view/75559>
18. Jeks-akim Atyrau Alimuhammed Kuttumuratuly stal zamom Nogaeva URL: <https://azh.kz/ru/news/view/80718>
19. Toraiğyrov S. Şakirt oiy. URL: <https://bilim-all.kz/olen/919-SHakirt-oiy>

Авторлар туралы мәлімет:

Ерғалиев Қуаныш Советұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры, Павлодар, Қазақстан.

Ерғалиев Қуаныш Советұлы – кандидат филологических наук, профессор Павлодарского педагогического университета имени А. Марғулана, Павлодар, Казахстан.

Yergaliyev Kuanysh Sovetuly – candidate of philology, Professor of Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.

Сарыбаева Баян Жұмашқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің доценті, Павлодар, Қазақстан.

Сарыбаева Баян Жумашевна – кандидат филологических наук, доцент Павлодарского педагогического университета имени А. Марғулана, Павлодар, Казахстан.

Sarybayeva Bayan Zhumashevna – candidate of philology, Associate Professor of Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.

Уайханова Меруерт Асетқызы – философия докторы (PhD), Торайғыров университетінің қауымдастырылған профессоры, Павлодар, Қазақстан.

Уайханова Меруерт Асетовна – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор Торайғыров университета, Павлодар, Қазақстан.

Meruyert Assetovna Uaikhanova – doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of Toraiğyrov University, Pavlodar, Kazakhstan.